

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С. Сейфуллина = С. Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.ІІІ. - Б. 199-201.

ӘОЖ 63.633.2.03

## ЖАЙЫЛЫМДЫҚ АЛАПТАРДЫҢ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Шаймерденқызы Н. 1 курс магистранты*

*Карбозов Т.Е. экон.ғыл.канд., доцент*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Еліміздің аграрлық саласының алдында тұрған басты міндеті ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту. Сонымен қатар оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін материалдық және еңбек шығындарын қысқартуды, өзіндік құнын төмендетуді, өнім сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін жаңа технологияларды енгізу арқылы саланың тиімділігін арттыру.

Агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды саласының бірі әртүрлі мал шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жануарларын өсірумен айналысатын мал шаруашылығы болып табылады. Ал мал шаруашылығының барлық салалары өсімдік шаруашылығымен тығыз байланысты екені белгілі. Өйткені олар ауылшаруашылық жануарларын азықтандыру үшін жемшөп дақылдарын, егістік қалдықтарын, әсіресе табиғи шалғындар мен жайылымдардың өсімдіктерін пайдаланады.


Табиғи мал азықтық алқаптары Қазақстан Республикасының табиғи байлығы, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құралы және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көзі. Мал шаруашылығы үшін өте қажетті мықты азық базасын құру ісінде шаруашылық-тардағы жайылымдар территориясын дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Қолда бар жайылымдарды дұрыс пайдалануды ұйымдастыру және жайылымдар территориясын батыл түрде жақсарту кезек күттірмейтін мәселе ретінде тұрады.

Дегенмен қазіргі кезде жайылымдарды пайдалану мәселесі ауыл шаруашылығы мен табиғи ресурстарды басқарудағы басты мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жайылымдық жерлер алқаптардың басым түрі болып табылады және 183,2 млн га (ауыл шаруашылығы алқаптарының құрамында 83,6%), құрайды (1 сурет). Сондықтан бұл оларды жергілікті халық пен экономиканың ажырамас бөлігіне айналдырады. Алайда, жайылымдық жерлердің көптігіне қарамастан, ауылдық елді мекендер олардың тапшылығы проблемасына тап болып отыр. Сондықтан соңғы жылдары жайылымдық жерлердің тапшылығы әрбір өңірлердегі ауылдық округтер үшін өзекті мәселелердің біріне айналды.

Елді мекендерге жақын орналасқан жайылымдық учаскелер ең қарқынды пайдаланылады, яғни қазіргі уақытта мал басының көптеген бөлігі елді мекендердің маңында небәрі 5-6 км қашықтықта жайылуда. Өйткені жеке фермерлердің көпшілігі тасымалдау құралдары мен қаржылық мүмкіндіктердің болмауына байланысты малдарын алыс жазғы жайылымдарға апара алмайды. Бұл өз кезегінде жайылымдағы ауыл-шаруашылық жануарларының тығыздығының артуына әкеліп, кейбір жайылымдардың шамадан тыс жүктелуіне, ал кейбір жайылымдарда мал басының аз жайылуына немесе мүлдем жайылмауына әкеліп соғып, нәтижесінде жайылымдық шөптің нашарлауына, топырақтың механикалық құрылымының бұзылуына және эрозияға ұшыратуда.

Жердің сапалық сипаттамасының деректері бойынша Қазақстан Республикасында 90 млн гектардан астам эрозияға ұшыраған және эрозияға қауіпті жерлер бар екен, олардың нақты эрозияланғандары – 29,3 млн га [1].

Осылайша, жайылымдардың жетіспеушілігі жөніндегі мәселе ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын және өсімдік жамылғысын сақтауды қамтамасыз ету үшін кешенді тәсілді және жайылымдық жерлерді басқарудың тиімді шараларын әзірлеуді талап ететін күрделі де өзекті мәселеге айналууда.



1 -сурет - Ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы, %

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының территориясын ұйымдастыру, олардың жер пайдаланушылықтарының шекарасындағы жерлерді қорғау және пайдананылуын жақсарту, әрбір жер учаскесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету ішкішаруашылық жерге орналастыру процесінде жүргізіледі. Ал ішкішаруашылық жерге орналастырудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі мал азықтық алқаптарының территориясын орналастыру болып табылады [2].

Мал азықтық алқаптар территориясының пайдаланылуын ұйымдастыруды бастағанда біріншіден, нақты мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар үшін жайылымдар мен шабындықтарды

пайдалану мүмкіндіктері көбінесе малдың орналасуы мен бағу жағдайын анықтайтын басты мәселе екендігі, екіншіден бұл алаптар көптеген шаруашылықтардың маңызды жер ресурстары болып саналады, сондықтан оларды тек ұтымды пайдалануға ғана құқылы емес, сонымен бірге жер пайдаланушылардың тікелей міндеттерінің бірі болып саналатыны ескерілуі қажет.

Жайылымдар территориясын тиімді ұйымдастырып, басқару кезінде ауыл азамат-тарының өздері белсенді қатысуы қажет ететіндігін атап өту маңызды, өйткені олар жергілікті жердің мән-жәйін, олардың қажеттіліктерінің шарттары туралы жақсы біледі.

Ауылдық елді мекендердің территориясындағы жайылымдарды ұтымды пайдалану проблемаларын шешу кезінде келесідей негізгі міндеттер ескерілуі тиіс: біріншіден, халықтың үй шаруашылықтарында оңтайлы мал басын ұстау, жердің тозуын болдырмау мақсатында шабындық-жайылымдық жерлерді реттестіріп орналастыру; екіншіден, ауыл халқының тұруы үшін қолайлы экологиялық жағдайлар жасау [3].

Осы тұрғыда мал шаруашылығы мен жем-шөп өндіру салаларының өзара байланысты және үйлесімді дамуы ауыл шаруашылығы саласы үшін тұтастай алғанда кеңейтілген өсімін молайтуды жүргізуді қамтамасыз ететін жағдайлар кешенін қалыптастыруға ықпал етеді.

Агроқұрылымдар территориясындағы жайылым аумағын ұйымдастыру кезінде қарастырылатын нақты мәселелерді шешудің дәстүрлі (жайылымдарды мал фермаларына бекіту; табын және отар учаскелерін жобалау және оларды сәйкес табындар мен отарларға бекіту; жайылымдық айналымдарды ұйымдастыру және олардың ішкі территориясын реттестіру; мал жаятын қоршалған жайылымдық өрістерді орналастыру және оларды пайдалану тәртібін белгілеу; жазғы лагерьлерді орналастыру [4]; су көздері мен суару пункттерін орналастыру; мал айдайтын жолдарды орналастыру [5];) реттілігімен қатар жайылымдық алқаптарды жақсарту мен пайдаланудың заманауи технологиялары мынадай қағидаттарға негізделеді:

- қоршаған ортаны бұзудан сақтай отырып, жоғары сапалы экологиялық қауіпсіз жем-шөп өндіру [6];
- ландшафттардың нақты агроэкологиялық жағдайларына қатысты қарқынды-лықтың оңтайлы деңгейлерін таңдау;
- мал шаруашылығы өнімінің шығымдылығын ескере отырып, өндірістің ең жоғары рентабельділігіне қол жеткізу.

Қорыта айтқанда мал шаруашылығын жайылымдық азықпен қамтамасыз етудің айтарлықтай ресурстары бар. Дегенмен, мал азықтық алаптардың жай-күйі оларға ерекше көңіл бөлуді талап етуде. Сондықтан жайылымдардың жай-күйін жақсартудың тиімді тәсілдерін әзірлеу және енгізу, әлемдік тәжірибені қолдану негізінде оларды әртүрлі шөпті өсімдіктермен байыту, тақырланған жерлерді көгалдандыру технологияларын әзірлеу, мал шаруашылығы өнімдерін тиімді пайдаланудың ұтымды тәсілдерін іздестіру және малдың асыл тұқымдық сапасын жақсарту осы саланы дамытудың қазіргі кездегі шешімін күттірмейтін басты мәселелер [7].

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2023 жылғы жер жағдайы және оның пайдаланылуы туралы жиынтық таңдамалы есебі. (2023). Астана, 50.
- 2 Озеранская, НЛ, Карбозов, ТЕ. (2023). Агроқұрылымдарды ішкішаруашылық жерге орналастыру. С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана, 80.
- 3 Желдікбаева, АН, Глушань, ЛА, Елемесов, СК. (2021). Ауылдық аумақтардың жерлерін пайдаланудың ұйымдастыру-шылық-экономикалық тетігі. *Аграрынк проблемалары*, 2, 161-170.
- 4 Төреханов, АА, Сабирова, АИ. (2020). Қазақстан Республикасының шалғайдағы және Арал маңындағы жайылымдарын тиімді пайдалану. *Аграрынк мәселелері*, 4, 24-30.
- 5 Устойчивое управление пастбищными ресурсами для повышения благосостояния сельского населения и сохранения экологической целостности. (2020). Алматы, 60.
- 6 Smithson, J., Reynolds, K. (2018). The influence of intensive grazing of livestock on the degradation of pastures. *Journal of Environmental Research*, 123-135.
- 7 Brown, A., et al. (2020). Climate change and its impact on pasture ecosystems. *Ecology and Land Management*, 45-60.